

The text encourages the reader to feel like a beautiful, elegant person with good taste (if he buys a product), without using specific information about the product (as an example above, it does not mention the durability and comfort of shoes). Such content is ideal for the target audience, which values the image and appearance above the price-to-quality ratio. Design language in typography. Instead of body language, you can use typography to create the necessary emotional atmosphere. The idea of this method is to present the maximum possible information in the minimum of the elements. In addition, reading and accepting the font is not the only part of the equation. Other characteristics of the text play a huge role in shaping the mood of readers (picture 1.5). Liquid motion is a style that refers to the "movement" of one element to another. This perception is widely used in television, animation, and advertising. Microsoft psychologist Kevin Larson says that fonts can calm the reader down, increase his mood, or vice versa—cause anxiety.



Emotional design is something more than flawless design. For example, there is an online store. It works perfectly. What else can I offer users to evoke positive emotions in them? You can send a welcome letter to the buyer. Thank you for your purchase, wish you happiness or offer an interesting deal. Instead of the standard packaging, you can offer another one – which is interesting to open. You can add a gift. There are a huge number of options in emotional design. Because the elements of emotional design are not the standard and not the norm. This type of design is still in its infancy, but it has huge potential. But technologies are developing, interfaces are improving and evolving, and in the near future we will see a design that will make us a little happier.

List of literature

Influence: The Psychology of Persuasion by Robert Cialdini
 How Brands Become Icons by Douglas B. Holt
 Contagious, Why Things Catch On by Jonah Berger
 Designing Brand Identity by Alina Wheeler

ПОДСЕКЦИЯ 11.5. ИНЖЕНЕРНАЯ ГРАФИКА

ӘОК 72.012(574)

**ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДИЗАЙНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
 ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ**

Алдажарова Мөлдір Нариманқызы

moldir_muzstar@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика»

Бүгінде дизайнсыз кез-келген саланы елестету қиын. Дизайн – өмір сүру салтымызға әсер етті, адамзат тарихына оң өзгеріс алып келді. Дизайн философиясы – бұл әлемге деген әр түрлі көзқарастың көрінісі. Дизайн: техникалық дизайн, материалтану, эргономика, экономика, психология, маркетинг және т. б. сияқты гуманитарлық және техникалық білімнің көптеген синтезі. Ал, әлемдегі дизайнды түсіну, оны қалай қабылдайтынымызға байланысты. Дизайн – бұл өнер мен қолөнердің өзара байланыс табуының нәтижесінде шығатын ерекше дүние. Бұл ыңғайлылық, ерекшелік, көркемділіктің үйлескен бағыттарының қыры.

Дизайн – ептілік, сезгіштік, әсерлік, өнертапқыштық, талғампаздық, жанашылдық, құрамдастыру сияқты жан-жақты функцияларды қамтып, оларды жетілдіруді қажет ететін сала. Бұл сала тек қана ішкі табиғи талғамды ғана бағдарламай, аса бір ұқыптылықты, ерекшелікті, үйлесімділік пен жарасымдылықты, шеберлікті, талап етіп, әрі, дизайн қамтитын салалардың өз ерекшеліктерін ескере отырып, оның ары қарай қолданыстағы тиімділігін алдын ала байқап отыруға жетелейді. Дизайнды біздің қоғамда дамуы, әр адамның ішкі дүниесінің сұлулығын ашып, халық арасында жақсыға деген талпынысты оятуға әкеледі. Адам рухани жағынан бір саты жоғарылай түседі. Қарапайым заттардың өзі жарасымдылығын тауып дами түседі. Бұл адамға өмірге жаңа көзқараспен қарауға көмектеседі.

Дизайн ұғымы Еуропалық мәдениеттен алынған. Терминнің семантикалық тамыры латын дизайнынан басталады – «анықтау, белгілеу» деген мағынаны береді. Қайта өрлеу дәуірінде disegno сөзі – жобаларды, сызбаларды, сондай-ақ жұмыстың негізін қалайтын идеяларды білді. Кейінірек, XVI ғасырда Англияда дизайн ұғымы пайда болды, ол бүгінгі күнге дейін сақталып, орыс тіліне «дизайн, сурет, өрнек» деп аударылады. Басқа тілдерден, атап айтқанда ағылшын тілінен аударылған сөздер, тіркестер, әдетте, бірнеше мағынаға ие, сондықтан «дизайн» термині соншалықты кең түсіндіріледі. «Дизайн» ұғымының кейбір анықтамаларымен толығырақ танысайық. 1964 жылы Бельгияда өткен Халықаралық дизайнерлер семинарында: дизайн – бұл өнеркәсіптік өнімдердің ресми қасиеттерін анықтауға бағытталған шығармашылық қызмет. Бұл қасиеттер өнімнің сыртқы ерекшеліктерін де қамтиды, бірақ негізгі түрде өнімді тұтынушы тұрғысынан да, өндіруші тұрғысынан да біртұтас бүтін ойға айналдыратын құрылымдық және функционалды байланыстар. Дизайн өнеркәсіптік өндіріске байланысты адам ортасының барлық аспектілерін қамтуға бағытталған.

Кез келген сала жөнінде ақпарат беріп, шырқау шыңына жеткен шағын, даму сатысын талдау үшін, зерттеуді оның тарихынан бастауға жөн болар. Дизайнды даму кезеңі XVIII ғасырда, Еуропалық мәдениет тарихындағы ағарту дәуірінен бастау алады. Бұл кезеңдегі су мен бу энергиясын қолдануда машиналарды пайдалану – еңбек бөлінісінің өнеркәсіптік революциясына алып келді. Сонымен қатар, бұл миллиондаған адамдардың өміріне өзгеріс енгізгені рас. XVIII-XIX ғасырларда әлемнің дамыған елдеріндегі жаппай қол еңбегінен машинаға, мануфактурадан фабрикаға көшуі «Дизайн» секілді жаңа өнер түрінің пайда болуына әсер етті. Мысалы: өнертапқыш-механик Джеймс Уатт – «ат күші» күш бірлігін ең алғашқы болып ғылымға енгізді. Ал, оның ойлап тапқан әмбебап бу машинасы Англияға, одан соң бүкіл әлемге тарады.

Станоктар мен техниканың және адамзаттың заттық әлемінің функционалдылық негізге сүйене отырып инженерлік жаңа пішімге ие болуы: сәулет, еңбек, тұрмыс, білім, заманауи киім, өнер барлығына әсер етті [1].

Ең алдымен дизайн туралы айтатын болсақ: оның ерекшелігі – ерекше әсем жасалған дүниелерді адамзат тұрысына лайықтау, әрқашан оның жаңа үлгілері мен нұсқаларын ойлап табу. Дизайн теориясындағы тұтынушының әлеуметтік моделін, алғаш рет XX ғасырдың басында Браун және Ульм дизайн мектебінің мамандары қарастырған болатын. Онда орташа қарапайым тұтынушының жалпыға ортақ бейнесіне арналған дизайн жасалды. Дизайн процесінде басты назар өндірістен тұтынушының жеке басына, өнімнің тұтынушылық сапасына аударылды [2].

Дизайн тарихы бойынша, осы салада алғашқы ресейлік оқулықтардың авторы С.М. Михайлов: «Дизайн - бұл көркемдік қызметтің ең жас түрлерінің бірі. Оның тарихы XIX-XX ғасырдың басында басталады. Өнеркәсіптік революция көптеген Еуропалық елдерде, триумфалды шеруден кейін жаппай өнеркәсіптік өнімдердің көркемдік формасының жаңа саласының пайда

болуы мен дамуы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған кезден жүзеге аса бастады. Дизайн саласының алғашқы буыны сәулетшілер мен өнеркәсіптік өндіріске келген суретшілер болды. Олар ерекше тың идеяларымен бұл салаға аяқ басып, жаңашылдығымен айшықталды. Тағы айта кетерлігі, олардың жаңа әрі бейтаныс дүниелермен айналысудан қорықпайтындығында»– дейді[3].

Ал, Лаврентьев болса өзінің «Дизайн тарихы» жинағында былай деп жазады: «Дизайнның тәуелсіз сала ретінде пайда болуы жаппай өндірістің, технологияның, қолданбалы ғылымның дамуымен байланысты болды». Әйгілі итальяндық дизайнер, «Домус» журналының редакторы Джио Понти, дизайнды кәсіби көркемдік мүмкіндіктер тұрғысынан қарастырады және оның міндеті өркениетіміздің шынайы сипатын ашатын жаңа және әдемі формалар, заттар әлемін құру деп бағалады.

«Дизайн» сөзінің ағылшын тілінен орыс тіліне тура аудармасы «жоспар», «сурет» деген ұғымды білдіреді. Сонымен қатар, ағылшын тілінен аударғанда дизайнер сөзінің «айлакер адам» деген де мағыналары бар. Дизайнер - жоспарлауды, сурет салуды білетін адам. Уебстер: ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде «дизайн» сөзі етістік ретінде де, зат есім ретінде де түсіндіріледі. Бірінші жағдайда, бұл дегеніміз: көрсету, жоспарлау, құру, жобалау, белгілі бір мақсатпен бірдеңе жасауға ниет білдіру болса, екіншіден, мақсат-мұратты жоспарлау, ақыл-ой жобасы, іс-қимыл схемасы, алдын-ала эскиз, компан, көркем шығармадағы элементтердің орналасуы, сәндік мотив, эстетикалық қасиеттерді ескере отырып, өнеркәсіптік өнімдердің формаларын жасау саласы деген мағына береді.

Реформация кезіндегі ағылшын тіліндегі библияда «аспан құдайы жерді басында жаратқан» деген сөзде: «Жаратқан» сөзі –«дизайн» деп белгіленген. Яғни, әлемді түзеткен - Жаратушы. Қазіргі ағылшын тіліндегі әдебиеттерден «дизайн» сөзі стильді де, жобаны да, дизайнды да кәсіби қызмет ретінде түсінуге болатынын дәлелдейді. Бүгінгі таңда қолданыстағы инженерлік дизайнды - «Инженерлік дизайн» деп атайды.

Осы сала бойынша, атауында «дизайн» сөзі бар алғашқы журнал – «Journal of Design» Англияда 1849 жылы пайда болды. Алғашқы нөмірлердің алғы сөзінде журнал редакторы Ричард Редграв: «Дизайн екі жақты сипатқа ие. Бірінші кезекте - жасалған заттың мақсатына қатаң сәйкестік. Екіншісінде - бұл пайдалы құрылымды безендіру немесе ою» - деп, бөліктерге жіктеді. Көптеген адамдар үшін «дизайн» сөзі көбінесе көркем ою-өрнекпен безендіру мағынасымен астасады [4].

Отандасымыз, архитектура саласының докторы Л.Тұрғанбаеваның еңбектерінің бірінде, өнертанушы Гербер Рид 1934 жылы жарық көрген «Өнер және өнеркәсіп» деп аталатын дизайн туралы алғашқы маңызды жұмыстың авторы, дизайн өнерінің ең жоғарғы үлгісі ретінде қарастырады.

Дизайн – бұл шығармашылық іс. Бұл деген өнеркәсіптік саланы көркемдік- техникалық жағынан жетілдіру, адам қызметінің түрлі салалары – техника, инженерия, өнер, архитектура, элеуметтану, экономика, тағы басқаларының жетістіктерін өзіне үйлестіре отырып, мінсіз, эстетикалық жоғары сапалы туындылар, бұйымдар мен тың идеяларды ойлап табуға бағытталған ерекше мамандық. Айналамызды қоршаған заттар мен қолданыстағы бұйымдардың құрылымдық сапасын анықтап, олардың қасиеті мен сырт келбетінің әсемділігін айқындап, әрі функционалдылығын, сонымен қатар арадағы заттармен үйлесімділігін орнатып және осының бәрін адамның эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандырумен қоса, біздің стилдік көркем талғамдарымызды ашу үшін арналған сала [5].

Дизайн терминін анықтаған кезде, қазіргі заманғы танымал отандық дизайнерлердің бірі Г.Б. Минервин: «Қоғамдық орта дизайнының өзіне тән ұмтылысы жеке заттарды емес, айналадағы заттық - кеңістіктік ортаны өзгертетін, үйлестіретін және сол арқылы алдыңғы қатарлы адамзат мәдениетін дамытуға өз үлесін қосатын тұтас формадағы кешендерді жобалауға деген ұмтылыс» деп санайды[6].

Қорытындылай келе, осы дизайн термині негізделіп, дамығаннан бері талай бағыттар пайда болғанын қайталай өткім келеді. Соның нәтижесінде Еуропа мен Америкада ХІХ ғасырдың аяқ шенінде индустриалды өндірістің белең алуы нәтижесінде жаңа мамандықтың туындауына сұраныс туды. Бұл жерде ең алдымен суретшілер мен қолөнершілердің біріккен күштері Дизайнның жеке сала болып бөлінуінің бастамашылары болды. Олардың бастамалары, қосқан үлкен үлестері арқасында дизайн, тенденция, стиль дегенде біздің ойымызға Италия, Франция, Германия, Англия,

Америка сияқты ірі мемлекеттер келеді. Әрине, дизайн термині де, саласы да осы елдерден бастау алып, дамып, бізге дейін жеке мамандықтың түрі болып келді. Осындай жетістіктерінің арқасында қазіргі таңда біз талай дизайнның түрлерін танып біліп, қолданыста көріп жүрміз. Дегенмен біз, дизайн Еуропадан ғана енген деген көзқарастан арылуымыз керек. Біз осындай шешімдеріміздің арқасында қолымызда бар байлықты құрметтей, толығымен сезіне алмай жатырмыз. Біздің елімізде тың идеялар мен жаңашылдықтардың мың түрі сақтаулы, тек біз оларды таза қалпынан алып, жетілдіре алмай жатқанымызда.

Біз өз мәдениетімізді, салтымызды, өнерімізді кеңінен дәріптеуіміз қажет. Әрине жоғарыда атап өткендей, Еуропа бізге дизайн термині мен оның қайдан көрініс табатындығын айшықтап берді, бірақ олардың өздері соған дейін бар болған өнерлерінің арқасында ашып отыр. Ойлап қарасақ әсемділікті сезінуді, эргономиканы қолдануды, тұрмыстағы заттардың ерекшеліктерін зерттеуді, оны қолдануды біздің ата-бабаларымыз да білген. Ал қазіргі таңда халқымыздың арасында көзі ашық, оқығандардың қатары көбейгенімен, сол ата-баба дәстүрін, мәдениетін жетік білмей, тарихын танымай жатқандар табылуда. Осындай салғырттықтың жемісін қазіргі таңда ақырындап жеп отырған түріміз бар. Бүкіл түркі халқы, соның ішінде асылын тамырынан білген қазақ халқының ғасырлар бойы жиып, ұстап келген өнерін осы уақытта кейінгі ұрпақ шет-шетке таратып жатқандай көрінеміз. Осының үлгісі ретінде біздің дүниемізге тән қымызымыз бен қазымыз, көкпарымыз бен асығымыз, киізүйлеріміз бен ішкі жабдықтарының бізден бөлек басқа да мемлекеттерде зерттеліп, өндіріліп, иемденуінде. Ары бара, біліп жүріп қастерлемейтін басқа да дәстүріміз бен мәдениетімізді құрайтын қолөнер түрлерінің шетелден әкелуін әдетке айналдырып, тіпті оның қазақтыкі екендігін танымай қалатындығымыз үрей тудырады. Өнер деген әр қырынан алғанның өзінде сан алуан сарқылмас күші бар дүние ғой. Ал, Қазақтың өнері деген сан жылдық тарихы бар үлкен шежіре. Егер де қолөнер түрін алатын болсақ, елімізден бағзыдан қалған қазағымызға ғана тән ою-өрнек түрлері, киім үлгілері, кілем, алаша, текемет, сырмақ, киіз, тері бұйымдары, өмірдегі түрлі қызықтарға сай киілетін әшекей бұйымдары, шаруышылық қолданыстағы бұйымдар мен ыдыс түрлері, қару-жарақ, сауыт-саймандары, тіпті шаш қою үлгілері, бұның барлығы қазақи стилдің негізі, бастамасы болатын қолөнер түрлері, тек қана қазаққа тән жеке дара дизайнның қалыптасуына, бір көргеннен біз екенімізді басып айтуға болатын, біздің дизайнның негізін қалайтын өнер түрлері ғой. Қазіргі таңда біз – дизайнерлер қазағымыздың қолөнер шеберлерімен бірігіп, ескіше өнер түрлерімізді жаңғыртып, бояу шығарудан, тоқыма жасаудан, киім тігуден өз технологияларымызды ойлап тауып, заманауи талапқа сай келтіріп, бәріне қолжетімді, әркімнің талғамына сай табылатын, бір көргеннен бұл қазақи этностиль дейтіндей, әр салада: дизайнда, сәулетте, модада, басқа да өнер түрлерінде көрініс табатын, Қазақстандық брендтерді, фирмалық стилдерімізді, өз тенденцияларымызды белгілейтіндей әлем тарихында өз қолтаңбамызды қалдыратындай жетістіктерді қажетке айналдыруымыз керек. Әрине ол үшін көп ізденіп, бір-біріміздің күшімізді біріктіріп, шетелдік үлгілерді, жетістіктерді есепке алып, олардың тұру жолын дамуымызға қолданып, өз жақсымызды асыруымыз қажет. Әлемдік деңгейдегі жетістіктерге жету үшін қарқыннан бұрын, жаңашылдықтан қорықпауымыз қажет, жаңа бастамаларға оң көзбен қарап, мәдениетімізден бет бұрмауымыз қажет. Әрқайсысымыз өмірлік сапамызды, қажеттіліктерімізді жоғарылатуымыз қажет, ол үшін әр адам еліміздің болашағы үшін өз үлесін қосу қажет. Себебі дизайн сөзінің астында әлбетте қазақ өнері тұратыны айтпаса да түсінікті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мирханов Ф.Р. История дизайна: учеб. пособие , 9-11 б.
2. Глазычев В. Л. Город без границ. - Санкт-Петербург, 2011, 397 б.
3. Михайлов С.М. История дизайна: учебник для вузов. -Т.1.М.,Союз дизайнеров России, 2000, 5 б.
4. Лаврентьев А.Н. История дизайна: учеб.пособие. – М: Гардарики, 2006, 6-12 б.
5. Тұрғанбаева Л. «Международный студенческий научный вестник».
6. Минервин Г.Б., Шимко В.Т. Иллюстрированный словарь – справочник.